



Автор: ДОСОВА ГУЛЬЖАН МЫРЗАЛИНОВНА

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Ондық бөлшектерді азайту

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.2.27 Ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Ондық бөлшектерді азайту ережесін меңгереді, азайту амалын орындайды. Оқушылардың басым бөлігі: Ондық бөлшектерді азайтуды меңгереді, тиімді қолданады. Кейбіреуі: күрделі есептер шығара алады
Тілдік мақсаттар:	Ондық бөлшектерге қолданылатын амалдардың алгоритмін түсіндіреді. Лексика және терминология: -бүтін бөлігі, бөлшек бөлігі; -үтірмен ажырылатын цифрлар саны; -разрядтық бірліктер; -санды разрядтарға жіктеу
Күтілетін нәтиже:	Оқушылардың ондық бөлшектерді азайту туралы білім, білік дағдыларын толықтыра отырып, білімдерін тереңдете түсу. Азайту ережесін есеп шығаруда дұрыс қолдану машығын қалыптастыру.
Бағалау критерийлері:	Ондық бөлшектерді азайту ережесін біледі. Берілген амалдарды орындай алады. Ережені қолдана отырып, күрделі есептер шығара алады.
Құндылықтарды дарыту:	Топтық ережені ұстана отырып, топпен жұмыс істеуге бейімделеді. Өз пікірімен бөлісе отырып, өзіне деген сенім артады. Сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Жұппен жұмыс жүргізеді. Өзара бағалайды.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	тарих, география
Бастапқы білім:	Ондық бөлшектер анықтамасы, жазылуы. Ондық бөлшекті оқу және қосу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (1-6 мин)</p>	<p>I.Үйымдастыру кезеңі Сыныпта психологиялық ахуал орнату.Оқушылармен амандасу, түгендеу, сабаққа даярлығын анықтау.Әр жұпқа бағалау парағын беру.(бағалау парағы кестемен берілген. 1 жолда.Үй жұмысын тексеру.2.Қайталау сұрақтары.3.Есеп шығару.4. Теңдеу шешу.5 Ойлан,тап 6.Қорытынды) Өзара бағалауды сабақ бойы жұппен жүргізіп отырады.дұрыс-2 ұпай,Қате бар-1 ұпай,жоқ-0 ұпай.</p> <p>II. Үй жұмысын тексеру.Оқушылар қасындағы көршісімен дәптерлерін ауыстырып алып,тақтадағы жауап арқылы өз жауаптарымен сәйкестендіріп тексереді. Тексеріп болған оқушы бағалау парағына ұпай қою арқылы бағалайды.</p> <p>III. Миға шабуыл. Ондық бөлшектерді қосу ережесін қайталау. Мақсат: оқушылардың ой түйіп,математикалық тілде сөйлеу қабілетін дамыту.</p> <p>Жеке тапсырма. Орындай келгенде «Ондық бөлшектерді азайту» сөзі шығады.(яғни жаңа тақырып) дескриптор: 1) Ондық бөлшектерді қосу ережесін біледі,2) Ережені қолданады.</p> <table border="1" data-bbox="316 701 1137 1115"> <tr><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td></tr> </table>																					<p>тұсаукесер. Бағалау парағы кеспе қағаздар</p>
<p>Сабақтың ортасы (6-32 мин)</p>	<p>III. Ой қозғау « Bilimland» бейнефильм дыбыссыз көрсетіп, «Stop-кадр» әдісі бойынша ой қозғалады. Дыбыссыз көріп болған соң, оқулықтағы 27 бет ереже арқылы,қорытынды жасайды. «Ойлан-жұптас-бөліс». Топпен ойласып алып, дыбыстайды, яғни ережені түйіндеп шығады.</p> <p>V. Суретті жандандыру. Сурет бойынша есеп құру,шығару.Суретте кеменің ағысқа қарсы жүзгендегі жылдамдығын анықтау. Дескриптор: 1) Ондық бөлшектерді қосу және азайту ережесін біледі 2) Ережені қолданады.</p> <p>VI. Теңдеу шешу. Оқулықтағы №643 топпен отырған,төрт теңдеуді төрт оқушы шешеді.Бірінші болғандар столдың үстіндегі параққа жабады,аударғанда тұтас сурет шығу қажет.Теңдеу дұрыс шешілген жағдайда Магницкийдің суреті шығады.Тарих бетіне шолу жасап тоқтала кету.</p>	<p>"Bilimland" https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/5-synyp/ondyq-bolshekterdi-qosu-zhane-azajtu?mid=eab8c321-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe. математика 5 сынып, 2-бөлім. Әбілқасымова А.Е.,Кучер Т.П., Жұмағұлова З.Ә. Алматы «Мектеп» 2017) 27 бет тұсаукесерде сурет</p>																				
<p>Сабақтың соңы (32-38)</p>	<p>VII.«Қатесін тап» логикалық сұрақ VIII. Үйге тапсырма. №638 №644 (2) қосымша №648 Бағалау парағы бойынша қорытындылау Қорытынды «7-6»-жарайсың! «5-4»- жаман емес! «3-0»-талпын!</p>	<p>тұсаукесер бағалау парағы</p>																				
<p>Рефлексия (38-40)</p>	<p>Кері байланыс. Қорытынды бойынша ойларын тыңдау. Стикер жабыстыру</p>	<p>тұсаукесер</p>																				